

Қазақстан Республикасының Үшжақты консультациялар (халықаралық еңбек нормалары) туралы 1976 жылғы Конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсан N 12-II Заңы

Женевада 1976 жылғы 21 маусымда қабылданған Үшжақты консультациялар (халықаралық еңбек нормалары) туралы 1976 жылғы Конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

144 Конвенция

Халықаралық еңбек нормаларын қолдануға жәрдемдесу үшін үш жақты консультациялар туралы конвенция

(2001 жылғы 13 желтоқсанда күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі Женевада шақырған және 1976 жылғы 2 маусымда өзінің алпыс бірінші сессиясына жиналған Халықаралық Еңбек
Ұ й ы м ы Б а с К о н ф е р е н ц и я с ы ,

Еңбек саласындағы халықаралық конвенциялардың ережелері мен ұсыныстарды, атап айтқанда: кәсіпкерлер мен еңбекшілердің еркін және тәуелсіз ұйымдар құру құқықтарын растайтын және мемлекеттік өкімет пен кәсіпкерлердің, еңбекшілердің ұйымдары арасында ұлттық деңгейдегі консультациялардың, сондай-ақ осы конвенциялар мен ұсыныстарды қолдану үшін кәсіпкерлер мен еңбекшілердің ұйымдарымен консультациялар жүргізуді көздейтін, еңбек саласындағы көптеген халықаралық конвенциялардың ережелері мен ұсыныстардың тиімділігін арттыру үшін шаралар талап ететін, Ассоциация бостандығы және ұйым құру құқықтары туралы 1948 жылғы конвенцияны, Ұйым құру және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқықтары туралы 1949 жылғы конвенцияны және Салалық және ұлттық ауқымдағы консультациялар туралы 1960 жылғы ұсынысты атап көрсете отырып,

Сессияның күн тәртібінің "Халықаралық еңбек нормаларын қолдануға жәрдемдесу үшін үшжақты тетік жасау" деп аталған төртінші тармағын қарай келіп және халықаралық еңбек нормаларын қолдануға жәрдемдесу үшін үшжақты консультация туралы бір қатар ұсыныстар қабылдауға қаулы ете отырып,

осы ұсыныстарға конвенция нысанын беруді шеше келіп,

бір мың тоғыз жүз жетпіс алтыншы жылғы маусым айының жиырма бірі күні Үшжақты консультация (халықаралық еңбек нормалары) туралы 1976 жылғы Конвенция деп аталуы мүмкін, мына төмендегі Конвенцияны қабылдайды:

1-бап

Осы Конвенциядағы "уәкілді органдар" термині бірлесу бостандығы құқын пайдаланатын кәсіпкерлер мен еңбекшілердің мейлінше уәкілді ұйымдарын білдіреді.

2-бап

1. Осы Конвенцияға қол қоятын, Халықаралық Еңбек Ұйымының Әрбір мүшесі төменде 5-баптың 1-тармағында аталған, Халықаралық Еңбек Ұйымының қызметіне жататын мәселелер жөнінде үкіметтің, кәсіпкерлер мен еңбекшілердің уәкілдері арасында тиімді консультацияларды қамтамасыз ететін рәсімдерді жүзеге асырады.

2. Әрбір ел осындай ұйымдары бар және мұндай рәсімдер әлі белгіленбеген уәкілді ұйымдармен консультация алысқаннан кейін ұлттық іс-тәжірибеге сәйкес, осы баптың 1-тармағында көзделген рәсімдердің сипаты мен нысанын айқындайды.

3-бап

1. Осы Конвенцияда көзделген рәсімдерді жүзеге асыру үшін кәсіпкерлер мен еңбекшілердің уәкілдерін осындай ұйымдары бар өздерінің уәкілді ұйымдары еркін т ү р д е с а й л а й д ы .

2. Кәсіпкерлер мен еңбекшілер консультациялар жүзеге асырылатын кез-келген органдарда тең негізде орын алады.

4-бап

1. Өкіметтің құзыретті органы осы Конвенциямен көзделген рәсімдердің әкімшілік қамтамасыз етілуіне жауапкершілік алады.

2. Осындай рәсімдерге қатысушылардың кез-келген қажетті дайындығын қаржыландыру үшін, осындай ұйымдары бар өкіметтің құзыретті органы мен уәкілді ұйымдар арасында тиісті іс-шаралар жүргізіледі.

5-бап

1. Осы Конвенциямен көзделген рәсімдердің мақсаты:

а) үкіметтердің Халықаралық Еңбек Конференциясының күн тәртібінің тармақтарына қатысты сұрақтарға жауаптары жөнінде және үкіметтердің Конференцияларда талқылауға ұсынылатын мәтіндерге ескертпелері жөнінде;

б) Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 19-бабына сәйкес конвенциялар мен ұсыныстар берумен байланысты өкіметтің құзыретті органға немесе құзыретті органдарға ұсыныстары жөнінде;

с) олардың қолданылуына жәрдемдесу үшін және бекітудің тиісті жағдайларында қабылдануы мүмкін шараларды айқындау мақсатымен, әлі қолданылмай отырған, бекітілмеген конвенциялар мен ұсыныстарды тиісті уақыт аралығынан кейін қайта қ а р а у ж ө н і н д е ;

д) Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 22-бабына сай Халықаралық Еңбек Бюросына берілуге тиісті баяндамалармен байланысты туындайтын мәселелер жөнінде ;

е) бекітілген конвенцияларды бұзу туралы ұсыныстар жөнінде консультациялар ө т к і з у б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағында аталған мәселелердің тиісті түрде қаралуын қамтамасыз ету үшін, келісу бойынша, бірақ кем дегенде жылына бір рет белгіленген тиісті уақыт аралықтарынан кейін консультациялар өткізіледі.

6-бап

Өкіметтің құзыретті органы осындай ұйымдары бар уәкілетті органдармен консультациялар өткізгеннен кейін, бұл қажетті деп тапқан жағдайда, осы Конвенциямен көзделген рәсімдерді жүзеге асыру туралы жыл сайын баяндама шығарады.

7-бап

Осы Конвенцияны бекіту туралы ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберіледі.

8-бап

1. Осы Конвенция Бас Директор бекіту туралы құжаттарын тіркеген Халықаралық Еңбек Ұйымы Мүшелерін ғана байланыстырады.

2. Ол Бас Директор Ұйымның екі Мүшесін бекіту туралы құжаттарды тіркеген соң он екі айдан кейін күшіне енеді.

3. Кейін осы Конвенция Ұйымның әрбір Мүшесіне қатысты бекіту туралы оның құжаты тіркелген мерзімнен он екі айдан кейін күшіне енеді.

9-бап

1. Осы Конвенцияны бекіткен Ұйымның кез-келген мүшесі оның бастапқы күшіне енген кезінен он жыл кезең өтісімен Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген және ол тіркеген, бұзу туралы акт арқылы оны бұзуы мүмкін. Бұзу туралы акт тіркелгеннен бір жылдан кейін осы бұзу күшіне енеді.

2. Осы бапта көзделген, осының алдындағы тармақта аталған он жыл кезең өтісімен

бір жыл мерзімде өзінің бұзу тұрғысындағы құқын пайдаланбаған, осы Конвенцияны бекіткен Ұйымның әрбір мүшесі келесі кезеңге он жылға байланысты болады және кейін осы бапта белгіленген тәртіппен, әрбір он жыл кезең өтісімен осы конвенцияны бұза алады.

10-бап

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры өзінің Ұйым Мүшелерінен алған , бекіту туралы барлық құжаттардың және бұзу туралы актілердің тіркелгені туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының Мүшелерін хабардар етеді.

2. Бас Директор бекіту туралы өзі алған екінші құжаттың тіркелгені туралы Ұйым Мүшелерін хабардар ете отырып, олардың назарын осы Конвенцияның күшіне енген мерзіміне аударады.

11-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры осының алдындағы баптардың ережелеріне сәйкес өзі тіркеген, бекіту туралы барлық құжаттарға және бұзу туралы актілерге қатысты толық мәліметтерді Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жібереді.

12-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі өзі қажет деп тапқан әрбір кезде осы Конвенцияны қолдану туралы Бас Конференцияға баяндама тапсырады және Конференцияның күн тәртібіне оны толық немесе ішінара қайта қарау туралы мәселе енгізудің жөнін шешеді.

13-бап

1. Егер Конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенция қабылдаған жағдайда және егер жаңа конвенцияда басқасы көзделмесе, онда :

а) 9-баптың ережелеріне қарамастан, Ұйымның қандай да бір Мүшесінің қайта қаралатын жаңа конвенцияны бекітуі, қайта қаралатын жаңа конвенция күшіне енген жағдайда, осы Конвенцияны тез арада бірден бұзуға әкеледі;

б) Қайта қаралатын, жаңа конвенция күшіне енген мерзімнен бастап, осы Конвенция оны Ұйым Мүшелерінің бекітуі үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция өзін бекіткен, бірақ қайта қаралатын, жаңа конвенцияны бекітпеген Ұйымның мүшелеріне қатысты нысаны мен мазмұны бойынша қандай жағдайда да күшінде қалады.

14-бап

Осы Конвенцияның ағылшын және француз тіліндегі мәтіндердің күші бірдей.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК